

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы N 1201 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылсын.

3. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.02.2013 № 172 қаулысымен.**

4. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 3-тармағы 3) тармақшасын және осы қаулыға 2-қосымшаның 2, 5, 6-тармақтарын қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

8

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 2 0 1

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің мемлекеттік

мекемелері - аумақтық органдары болып қайта ұйымдастырылатын

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

мемлекеттік мекемелерінің - аумақтық органдарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Балқаш-Алакөл экология басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қосылу ж о л ы м е н .

2. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Атырау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі, "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Маңғыстау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жайық-Каспий экология басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қосылу ж о л ы м е н .

3. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Ертіс экология басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қосылу ж о л ы м е н .

4. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Жамбыл облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шу-Талас экология басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қ о с ы л у ж о л ы м е н .

5. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қарағанды облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Нұра-Сарысу экология басқармасы" мемлекеттік мекемесіне.

6. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі және "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қостанай облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Қазақстан

№ 1201 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің
Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мемлекеттік
мекемелерінің - аумақтық органдарының тізбесі**

Ескерту. Тізбе алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.02.2013 № 172 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 1201 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі**

1. 2-тармағын қоспағанда, "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1113 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 40, 524-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1126 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 42, 535-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Республикалық қоршаған ортаны қорғау инспекциялық басқармасы" мемлекеттік мекемесін тарату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1338 қаулысының 3-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 7, 58-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 14-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 7, 58-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1126 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 маусымдағы N 571 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 23, 231-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазавиамет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 тамыздағы N 758 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 30, 321-құжат).